

2. Халатов А. А., Борисов И. И., Щевцов С. В. Тепломассообмен и теплогидравлическая эффективность вихревых и закрученных потоков. Киев. 2005, -500 с.

3. Назмеев Ю. Г. Гидродинамика и теплообмен закрученных потоков реологических сложных жидкостей. М.: Энергоатомиздат, 1996. -300 с.

4. Мигай В. К. Повышение эффективности современных теплообменников. Л.: Энергоиздат, 1980. -143 с.

#### References

1. Kuzma-Kicha, İu. A. Metody intensivizatsii teploobmena. M.: İzd-vo MEİ, 2001, 112 s.

2. Halatov A. A., Borisov İ. İ., Şevsov S. V. Teplomassoobmen i teplogidravlicheskaia effektivnost vihrevykh i zakruchennykh potokov. Kiev. 2005, -500 s.

3. Nazmееv İu. G. Hidrodinamika i teploobmen zakruchennykh potokov reologicheskikh slojnykh jidkostei. M.: Energoatomizdat, 1996. -300 s.

4. Migai V. K. Povyşenie effektivnosti sovremennykh teploobmennikov. L.: Energoizdat, 1980. -143 s.

DOI 10.53364/24138614\_2022\_24\_1\_62

ӘОЖ 821.512.122.0: 94

<sup>1</sup>Тасилова Н.А., <sup>2</sup>Батырбаева М.А.

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Саясаттану ғылымының магистрі, аға оқытушы. Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., ҚР.

<sup>1</sup>E-mail: [tasnaz@mail.ru](mailto:tasnaz@mail.ru)

<sup>2</sup>E-mail: [meru777@inbox.ru](mailto:meru777@inbox.ru)

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРТУАР АҚЫНЫ – МӘШХҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ**

**ВЫДАЮЩИЙСЯ ПОЭТ КАЗАХСКОГО НАРОДА – МАШХУР-ЖУСИП КОПЕЕВ**

**THE POET OF THE KAZAKH PEOPLE - MASHKHUR-ZHUSIP KOPEEV**

**Аңдатпа.** Аталмыш мақалада қазақтың біртуары, халық арасында әулие атанған, ұлы ақын Мәшхүр-Жүсіп Көпейұлы туралы айтылады. Бұл зерттеуде сопы ақынның өмірбаянына қысқаша тоқталып, шығу тегі, алғашқы ұстазы, шығармалары мен туындыларына жан-жақты талдау жасалады. Азан шақыртып қойған есімі Адам-Жүсіптің Мәшхүрге айналуы ерекше. Бұл оқиға ақын ғұмырын түбегейлі өзгерткендей әсер қалдырады. Мақалада бұған қатысты деректер мен ақынның өз өлеңінен үзінділер келтіріледі. Оның еңбектеріндегі дін туралы тақырыпта қарастырылған. Дереккөз ретінде М.Ж.Көпеевтің немересі Қуандық Жүсіптің мақалаларынан тың ақпараттар келтіріледі. Сонымен қатар көрнекті ойшылдың өмірбаянын, еңбектерін зерттеген тарихшылардың жинағынан, ұлы ақынның көзін көріп, шәкірті болған тұлғалардың естеліктері де дереккөз ретінде алынған.

**Түйін сөздер:** М.Ж. Көпейұлы, дастан, әулие, ағартушылық, дін, ислам.

**Annotation.** This article tells about the great Kazakh poet, recognized as a saint among the people about Mashhur-Zhusip Kopeev. This study provides a brief biography overview of the origins of the Sufi poet and a comprehensive analysis of his writings and works. It is noteworthy that his birth name was Adam-Zhusip, which was later changed to Mashhur-Zhusip. This event

radically changed the life of the poet. The article contains facts about this event and extracts from the poet's own poem. Almost all of his works are devoted to religion and educational activities. As a source of the study, facts from articles by M.Zh. Kopeev Kuandyk Zhusip. And also used collections and articles of historians who studied the biography and work of the great thinker.

**Key words:** M.Zh. Kopeev, epos, saint, enlightenment, religion, Islam.

**Аннотация.** В этой статье рассказывается о великом казахском поэте, признанный святым среди народа о Машхуре-Жусипе Копееве. Это исследование дает краткий обзор биографии о происхождении суфийского поэта и всесторонний анализ его трудов и произведений. Примечательно, что его имя при рождении было Адам-Жусип, которое впоследствии было изменено на Машхур-Жусип. Это событие коренным образом изменило жизнь поэта. Статья содержит факты об этом событии и выдержки из собственного стихотворения поэта. Практически все его работы посвящены религии и просветительской деятельности. Как источник исследования, приведены факты из статей родного внука М.Ж. Копеева Куандыка Жусипа. А так же использовались сборники и статьи историков, изучавших биографию и творчество великого мыслителя.

**Ключевые слова:** Копеев М.Ж., эпос, святой, просветительства, религия, ислам.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы - қазақ елінің данагөй тұлғасы, көрнекті ойшылы, ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежіреші. Біртуар тұлғаның есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебеге қол жеткізіп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Оның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Уақыт өте келе, су түбінде жатқан маржан тас жарқырай түсіп, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы, баға жетпес байлығы оның даңқын бүкіл әлемге асқақтата паш етіп, өзінің құндылығымен ерекшеленді. Кеңес өкіметінің Құдай жоқ деп жүргізген саясатының кесірінен араб хариіптерімен жазылған шығармаларға тыйым салынды. Талай қалам иелерінің еңбектерін жарыққа шығармай қудалады, соттады. Енді қазір заман өзгеріп, егемен ел болып, алаштың алтын арыстары ақталып, еліміз деп жанын қиған азаматтарды еске алып, құрметтеп ас беріп, дұға оқып, мұражайлар, ескерткіштер ашылып, олардың есімімен оқу орындары, үлкен шаһарлардағы даңғылдар аталуды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасын жан-жақты зерттеп, көпшілік оқырман қауымға таныстыру – алда тұрған негізгі міндет екені анық. Әсіресе, ұлы ақынның шығармашылығын зерттеуші ғалымдар мен Павлодар өңірінің зиялы өкілдерінің үлкен еңбегінің арқасында көптеген орнықты еңбектер жүзеге асырылды. Қазіргі кезде зерттеулер көбейе түскен сайын ойшылдың дүниетанымының көптеген қырлары ашыла түсуде. Қазақтың бақытына біткен ақынның өз еліне сіңірген еңбегі, төккен тері мен уайымы өлшеуге келмейді. Бала кезінен-ақ ақиқаттың жолын іздеп, шындыққа, адалдыққа, іңкәрлікке бейім тұрып, жақын болған Мәшһүр-Жүсіпті халқымыз әулие деп мойындаған. Өйткені ұлы ақын өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырып, болашақ ұрпаққа мол рухани еңбек қалдыруға арнаған. Өз халқын шынайы сүйген жан ғана осындай деңгейде рухани қадамдар жасайды деп қарапайым халық бас иген. Біртуар ақынның басты мақсаты әрі өмірінің негізіне айналған ой – қазақ халқының көзін ашу, тура жолға беттеу еді. Кеменгер ақын орыс тілін де жетік меңгереді. Сол арқылы Батыс өркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысқан. Ол тарих, этнология, фольклористика ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, әдебиет, тіл тарихы, этнография, қазақ халқының салт-дәстүрі туралы шығармалар, философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылымы салаларына арналған ұлан-ғайыр еңбек жазып қалдырды. Ұлы ойшыл, сопы атанған ақын, қазақтың ежелгі қиссалары мен эпостарын жатқа айтып, халықтың бойына рухани байлығымыздың қайнар көздерін танытатын дүниелерді сіңіріп, небір көнеден келе жатқан даналықтың тарихи үлгілерінің этникалық санада орныға түсуіне, өрбіп отыруына барынша үлес қосады. Оның

шығармашылығының түпкі идеясы – қазақ руханиятына жаңашыл бағыттағы сарындарды ендіру, қазақ қоғамының білімдік, дүниетанымдық деңгейін барынша көтеру, жас ұрпақты білімдарлыққа, тәрбиелілікке, өнегелілікке баулу болып келеді. Осы тұста ойшылдың терең гуманистік ұстанымдарды, бай рухани құндылықтарды өзінің дүниетанымына негіздеп, өмірінде басты ұстанымға алғанын байқаймыз. Ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жазбас бұрын, оның туған жері мен өскен елі туралы айтпай кетуге болмас. Біртуар ақын жайлы көптеген материалдар мен ақпараттар арнайы жазылған жинақтардан, ақынның немересі Қуандық Жүсіповтің зерттеу мақалалары мен берген сұқбаттарынан алынған. Мақаланың әдістемелік негізіне ақынның өмібаянына талдаулар мен сол кездегі қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруіне арналып жазылған еңбектері негізге алынып отыр. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы нысандылық, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру тәсілдері басшылыққа алынды.

Қазақ елінің әулиесі атанған ойшылға арнап жазылған жинақта былай делінеді: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әкесі Көпжасардың 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағында дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен» – деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді. 1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуен тартып жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс қонады. 1861 жылы Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», – деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға береді. Өзінен кейін келер ұрпаққа мол рухани мұра қалдырған алаш азаматының бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осылай оқу-білім жолы басталады».

Мәшһүр-Жүсіптің тегі кімдер болған деген сұраққа, келесі шежіре заңы бойынша алдымен әкесін, іле оның баласын келтіру ретімен берілген, мына схеманы көрсетсек: Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей) – Мәшһүр-Жүсіп. Бұл есеп бойынша, Мәшһүр-Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16- ұрпақ болып шығады. [1] Ақын атамыз өзін өзі таныстыру өлеңінде былай дейді:

Баянауыл: Қызылтау- өскен жерім,  
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім.  
Қалам, сия, қағазды қолыма алсам,  
Келер қоршап бойыма ғайып пірім.

Айдабол мен Күліктен- шыққан затым,  
Мәшһүр деген– бір лақап, Жүсіп - атым.  
Орта бойлы, қой көзді, пітір(піти) мұртты,  
Аққұба, бидай өнді қиapatым – деп, өлең шумақтары арқылы баяндайды.

[2] Ұлы ақын 5 жасынан бастап Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен білім ала бастайды. Хазірет жайлы «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы өлеңінде ақын Хазірет туралы да жазып өтеді:

Сонда Молда Нәжмеддин хазірет екен,  
Дәл сол қыс Баянтауды қылған Мекен.  
Қалаға бір қыс қыстап, пәтер алып,  
Сәтқожа екен, Молда ұстап, қылған дүкен.

Бес жаста несіп болып бізге дүкен,  
Биқисап көрдік тағы қанша тікен?!  
Нәжмеддин хазірет сүйіп шын көңіліден:  
"Бұхарлығым!"- деп лепес қылған екен.

Нәжімалдин хазірет бала Мәшһүрдің алғырлығын, зеректігіне көз жеткізіп, оны «Шар» кітаптан бастап оқытады. Мәшһүр Жүсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен білім алады.

Ілтипат көп жақсылар етіп еді,  
Шарапат ұстаз пірден жетіп еді.  
Ұстазым Қамар хазірет сүйгендікпен:  
"Уай, құзғын-ай!" деуменен кетіп еді.

Қамариддиннен шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін жатқа үйренуі кішкентай Мәшһүрдің болашағына түбегейлі өзгерістер енгізеді. М.Ж.Көпейұлы 8 жасынан бастап халық ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастаған. Қамариддин хазіреттен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын» сияқты жырларды жатқа үйреніп, қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы талантты ақынның тегін адам боламағанын дәлелдейді. Жастайынан өзінің ерекше қабілетімен танылған Адам Жүсіптің кейін «Мәшһүр Жүсіп» атанып кетуінің өзіндік тарихы да бар. Бұл туралы естеліктерде былай делінеді:

«Ол уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянаула дуанына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған күні екен, үйіне әдейілеп әкелі-балалы екеуін шақырып алып, бастан-аяқ тыңдайды. Әкесі, Көпейге: «Мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойың. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен», – деп лепес қылған екен. Сөйтіп бұрынғы Жүсіп деген атына Мәшһүр деген атының алғаш қосылу тарихы осы сөзден басталса керек. Ал Мәшекең тақиясына үкіні хазірет әйелі бибі Мариям, қызының бөркіндегі үкісінен бір шоқ алып таққан екен.» [3]

Ақын өз өлеңінде осыған байланысты былай дейді:  
"Сөйле!"- деп, ұмтылып тұр біздің өңеш,  
Тілім тағы тақылдақ, көмес емес.  
"Көпейдің бір баласы қақсап тұр"- деп,  
Сол күнде жұрт аузында болдым кеңес.

Күні еді аға сұлтан сол күнде енді,  
Баянтау қаласына Мұса келді.  
Алдына көремін деп алдырғанда,  
Тынбастан жазған Мәшһүр қақсай берді.  
Парасат нұрыменен әбден білді:  
- Қаққай,-деп,-Құдай мұнан көз бен тілді!  
- Мынау Мәшһүр болатын бала екен!-деп,  
Ер назары тиюмен нәфіс қылды.

- Ей, сопы, бұл балаңды жақсы бақ!-деп,  
- Не болсын мұнан артық тіл мен жақ?!- деп.  
Аяумен мейірі түсіп, бұлайша айтты:  
- Балаңа мұнан былай үкі тақ!-деп.

Үкілі Мәшһүр 3 жыл хазірет үйінде, содан кейін Мұса Шорманұлы үйінде, сонан соң 2–3жыл Баянда тәлім-тәрбие алады. Яғни 8 жастан 15-ке келгенше Қамар хазіреттен білім суын ішіп, дін, ғылым, араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгереді. Деректерге сүйенсек 1874 жылы 16 жастағы болашақ Мәшһүр Әкімбек деген кісінің үйінде 2 жылдай өмір сүріп, оның жалғыз ұлы Қабылбектің ұстазы болады.

Мәшһүр ата алғашқы шығармаларын 15 жасында дүниеге әкелген дейді. Жиырма жастан енді асқан кемеңгер, ойшыл ақын Сарыарқаның халқын, жерін түгел кезіп, серілік құрады. Естеліктерде Мәшһүр Жүсіп әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдармен жолығып, сұхбаттас болады. Бұл туралы ақынның еңбектерінен түсінеміз.

Профессор Сәрсенбі Дәуітұлының "Қазақстан Заман" газетіне шыққан мақаласында былай жазған: «Бес жаста Баянауылда Бұқарадан оқып қайтқан Нәжімеден хазірет сол зат шәріптің ғұзырына келіп, алты жаста мағынасымен «Шар кітап» оқып, сегіз жаста және Баянауылда молда Хамыралдин ахұнның алдына отырып, тоғыз жаста Мұхтасарды білген. Жиырма тоғыз жаста Бұқараға барып медресе мырза Ұлықбекте, Хамзе қожадан, ноғай медресесі Сыражалдин муфтиден дәріс оқып, Миракәнде Сахыпзәде немересі хазірет ишан менен Мәлік тәрбиесінде болып, отыз жеті жаста Тәшкент шаһарында Бесағаш мақаласында Әбілхасым хан, ишан қасында тұрып, немерелері Әкірам хан төреден тағылым алып, жортуы көп болып, оқып-білуі аз болған». [4]

Мәшһүр Жүсіптің саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түспеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіс үстінде болған. Ұлы ақынның «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Халахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты еңбектері 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан басылып шығады. Кейін сол баспаханадан шығарылған 14 қалам иесінің еңбегін цензура деп біліп, сотқа тартады. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған үш кітабы да бар.

XX ғасырдың басы Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық идеясы тереңдей түскен кезі еді. 1906-1907 жылдары жазған шығармалары тегісінен қазақ халқының бостандық, саяси-экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді. М.Ж. Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты еңбегі тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан жарық көрген. Алайда 10 жылдан соң, 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азаматтарының ұраны мен мақсатына тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: «Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді», – десе, халқының қамын жегені белгілі. [5]

Халық арасында Мәшһүр Жүсіпті әулие деп атайды. Ақынның көзін көрген ақсақалдардың естеліктері, өзінің артында қалған ұрпақтарының жазып, айтып жүрген еңбектері бұған дәлел. Алаш айнасында жарық көрген «Мәшһүр Жүсіп әулиенің кереметтері» атты естелік-мақалада ақынмен болған бірнеше оқиғалар келтірілген [6]. Әулие ақынның өмірінің соңғы кезеңінде күтушісі болған Намазұлы Әйтімнің (1890-1968 жж.) айтуы бойынша: «1928 жыл. Жаз ортасына қарай найзағай жиі жарқылдап, қалың қара бұлт жерге бір тамбай өтіп жатты. Міне, сондай бір күндері қалың өрт басталды да кетті. Ауыл үстін қара түтін басып, мал-жан түтінге булығып қаларлықтай халге келдік. Қып-қызыл өрт жалыны жиі көрініс беріп, үдей соққан дауылды желден өрши түсті. Ауыл адамдары үрейге беріліп, үйлерін тастап, сулы құдық, терең апандарға барып бой тасалап жатты. Өзінің алты қанат ақ үйінен табан аудармай отырып қалған жалғыз Мәшекең ғана болды. Менің тор атыма жайдақ мін де, мына дұғаны анау қаулап өрт беттеп келе жатқан Қаратөбенің деңгейіне апарып жеткіз. Бірақ, тастаған жерінді ұмытпайтын бол, – деп қысқа қайырды да ұзақ намаз оқуға кірісіп кетті. Алыстау болса да, өрт қызуы бетке соғып тұр. Торы ат жиі пысқырынып, екі құлағын жиі қайшылап жүріп келеді. Екі түп тобылғының арасын белгілеп, дұғаны ат үстінен жерге тастап, кейін қайттым. Бір кез аспаннан оймақтай

қара бұлт ойнап шыға келді де нөсер жаңбыр құйып өтті. Өрт су сепкендей басылды. Іле дұға жазылған қағазды алып кел деп жібергенде, мен одан да бетер таң қалдым. Өрт қағазды айналып өткен, бірақ сол жерден көп ұзамай сөнген еді. Бәрі де «Мәшекеңнің ауылы үстін қалың өрт жайлап өтті» деп үрейленіпті, – деп сөзін аяқтаған еді.» Осыған ұқсас тағы бір-екі естеліктерде Мәшһүр Жүсіптен бір перзентке зар болған жандарға «лепес» етіп, кейін ол жұптың көп ұзамай балалы болғаны жайлы деректер кездеседі. Бір тума ақын бала сұрап келген адамдарға: «Мәшһүрдің белінде байлап жүрген баласы бар дейсіңдер ме, кімге не берсе де Құдай, жалынып жалбарынып Құдайдан сұраңдар, тек көңілдерің ақ, жүректерің таза болсын» - деп алғашында бетін қайтарып тастап, кейін «лепес» етіп, дұға жасаған екен. Осындай оқиғаларға дәлел ретінде, сол заманнан осы күнге дейін жеткен адамдардың өз аузынан айтқан оқиғалары. Соның бірі Бекболаттың Жұмабегі дейтін адам. Ол қазіргі М. Ж. Көпеев атындағы шаруашылық шаңырақ көтерген жерде өмір сүрген. 1970 жылдардың басында дүниеден өтті. Бекболаттың Жұмабегі үйленген соң бірер жыл бала сүймей өмір сүріпті. Әйелімен 10 жыл отасқан ол, Мәшһүр атаны көріп қалып, былай деген екен: «1929 жылы Найманның Қызыл Қойтасы деген жерде тұратын едім. Бірде Баяннан Ескелдіге қарай қайтып келе жатқанда Мәшһүрдің жолын тостым. Жол тосқанда –жолға кесе-көлденең жата қалыппын. Мәшеке, мен осы елдегі жалғыз үйлі Найманмын. Ол да уақа емес, «жақсы кісіге бір кісілік орын бар» деген ғой халқымыз. Жұрт қатарлы күн көріп те жатырмын. Менің жаныма батары жігіт жасым артта қалып барады. Күннен-күнге, жылдан-жылға ұрпақсыз қалам ба деп деген үрей жан-дүниемді меңдеп, ішімді отша жалайды. Үйдегі келініңізбен отасқаным он жылдан асып барады, жөргек иісіне зармыз. Бір ши өкпеге лепесіңізді қиыңыз, – деп еңірегінде етегім толды. – Мына сол жағыңызда қалып бара жатқан шаңырағымызға атыңыздың басын тіреп қонақ болыңыз, батаңызды беріңіз, – деп әйеліміз екеуміз қосыла қылқылдадық. Біздің мұңды хикаямызға үнсіз құлақ түріп аз ойланған Мәшһүр: Құдай да, аруақ та мүсәпірге жақпын деген. Жалғыздық бір құдайға да жарасқан, құдай тілегінді берер, шын егіліп жылап тұрғаныңды көріп тұрмын, тұр үйіңе қайт, мен ауылға әлде бір шаруамен асығыс қайтып барамын, кейін келермін, Алла жазса серіксіз болмассыңдар, – деп жүріп кетті». Осы кездесуден кейін бір жылдан соң олардың шаңырағында ер бала дүниеге келеді. Ақынның «серіксіз болмассыңдар» деген сөзі жадысында қалып қойып, баланың есімін Серік деп қойған екен. Міне дәлел ретінде сол Серік 2000 жылдарға дейін өмір сүріпті. Мәшһүр Жүсіп өзі де әулиелерді өте құрмет тұтқан. Зерттеулердің ішінде ақынның дін туралы жазылған шығармалары жеке алып қарастырылған. Олар: «Мәшһүрдің дін туралы жазғаны», Мәшһүр Жүсіп және «Диуана» болмысы, «Мәшһүр Жүсіптің сәуегейлігі» сияқты жеке алып зерттелген мақалалар, ғылыми жұмыстар бар. Ақынның «диуана» болмысын жан-жақты ашуы, ишандар туралы жазуы, сопылық жолды дәріптеп «сопылыққа бет бұрған адам, дүниені ойламайтын адам» деп тұжырымдаған. «Диуана» болмысына келіп тоқталар болсақ. Бұл сөз парсы тілінен аударғанда «дүниеден бас тартқан, Құдайға беттеген адам» дегенді білдіреді. Диуаналар – ризығын бір Жаратушыдан іздеп, кәсіпсіз, ел-жер кезіп жүреді. М. Жүсіп өзін диуанаға жатқызған:

Мен өзім өз сөзіме уанамын,

«Ләйлі» жоқ, қоржын да жоқ, диуанамын – деп, өзін теңеген.

Ал тағы бір еңбегінде яғни «Абылайдың қырғызға жорығы», бірінші нұсқасында «Созақта «Жалаң аяқ Әшдер (Әудер)» деген бір әулие диуана бар екен, Абылайдың қосынына кез болған екен» деп жазады. Жырда ол туралы былай дейді:

Абылай жалғыз өзі отыр еді,

Есіктен бір диуана кіріп келді.

Иығына шашы түскен, жалаңаяқ,

Иіліп күле қарап, сәлем берді.

Абылай диуананың түрін көріп,

Әулие-каландар деп көңіліне еніп,  
Сәлемін ап, түрегеп қолын ұстап,  
Қасына отырғызды орын беріп.

Ақынның өмірбаянын жазған ғалымдардың айтуынша ол Әбжәлаб атты диуананың жаназасын өзі шығарғаны, оны өте қастерлеп, жақсы көргені көптеген деректерде келтірілген. Естеліктерде, ақынның Әбжәлаб диуананың басына барып, ұзақ дұға оқып отыратынын айтады. Әбжәлап лақап ат. Шын есімі Жұматай болған деседі. Барша диуаналардың лақап аттары болған. Мәселенки, Жалаң аяқ Әшдер, Мәстек, Батыр, Шалқыма т.с.с.

М.Ж. Көпейұлының «Шайхы Бұрқы диуана» атты еңбегінде: «Мұса пайғамбардың заманында Шайхы Бұрқы деген диуана болыпты. «Құдайға құлшылықты жан аямай қыламын!» деп, иірген ұршықтай қырық күн, қырық түн шыр айналған екен. Заңғар биік таудың басына шығып:– Ал, мен Құдайға кеттім! – деп төмен қарай құлайды екен. Өлмей-талмай, дік етіп жерге түсіп, дін есен жүре береді екен. Бұл Шайхы Бұрқының атасы – адамзат, шешесі – мекіре балық екен»,–деп қорытындылайды. Демек, қазақ бақсыларының пірі – Қорқыт болса, диуаналардың сыйынатын иесі – Шайхы Бұрқы диуана деп түйін жасауға негіз бар. Мәшһүр Жүсіп Шайхы Бұрқы диуананың ерекше кереметтерінің бірі – перзентсіз ата-анаға ұрпақ сыйлайтын қасиеті екендігін айтады. Ал диуана шыр көбелек айналып билеу арқылы экстазға кіріп, Жаратушымен жақындасуға ынтық болады. Қ.Халид еңбегінде: шайх (шейх) – арабша – шал, кейде ұстаз, кейде пір, кейде әулие ретінде кездеседі. Шайхы – ескі діни ұғым бойынша шарапаты тиетін қасиетті диуана деген маңынаны береді. [7]

Куандық Мәшһүр-Жүсіптің «Дін және Мәшһүр-Жүсіп» атты мақаласында ақынның «Шайтанның саудасы» өлеңінің фабуласына қатысты былай дейді: «Базарға келе жатқан лағынға (шайтанға) кез болған Ғайса пайғамбар оның не әкеле жатқанын сұрайды. Сонда шайтан бір есекке өтірік, екіншісіне "мікір-хайла" (қастық айла), үшіншісіне күншілдік, төртіншісіне зорлық, бесіншісіне тәкаппарлық артылғаны, өтірігін алыпсатарлар, мікір-хайла қулығын "қатынның ең жаманы", күншілдікті молдалар, зорлықты "жұрт билейтін ұлықтар", тәкаппарлықты "жетілген надандыққа" байлар алатынын мәлімдейді. Бұл бес есекке артылған әр түрлі жүк болса, есектен гөрі жүкті мол көтеретін он қашырда бір ғана жүк тамығты ("тілемсекті") жұрт көзіне дінді насихаттаушылар болып саналса да, іс жүзінде өз пайдасын ғана ойлайтын қожа, молда, ишандардың алғаны, сөйтіп елді алдап жүргені баяндалады. Бұл да "дін жолындамыз" дегендердің алдымен таза болуын әспеттеу үлгісі». [8]

Ана тілі газетінде 2014 жыл 13 қарашада жарық көрген мақалада М.Ж.Көпейұлының 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабында «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» атты өлеңі туралы былай дейді: «М.Ж.Көпейұлы мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл бөледі. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «соқыр» деп алынған ол құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Бір адамның бір затқа қырағы бола тұра, екіншісін мүлде көрмеуі оқырманға көп ой салғандай. Шартты түрде «саңырау» деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бәсең үнді, сыбырды, «құлақтыдан» бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында «саңырау» дегені – «бәрін өзім білдім» деп, ұзақ ойға салынған, «өз жанының пайдасын» естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде «жалаңаш» деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткінші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бәрін тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды. Өлеңде айтылатын өзекті идея, негізгі сын тек бұл айтылғандарда емес. Ақын өзіне керек істі көрмеушілікті, естімеушілікті, азға тоқмейілсуді сынап қана қоймайды. Суреткер басты назарды көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, бардан емес, жоқтан айырыламын деп,

адасушыларға аударарды. Көрмеу, естімеу, ештеңесі болмау – бір кемшілік, бір жоқтық болса, одан үлкен қасірет тағы тұр. Ол көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, «жоқтан» айырыламын деушілік, өтірікке алданушылық деген ойға саяды автор. Бұл өлеңде де ақынның қайшылық сипаттарды кең қамтып, адам сырын тереңдей ашу бағытындағы елеулі жетістігі. Бұл Мәшһүр-Жүсіптің ғана емес, XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетінің қомақты табысы». [Ақынның бұл өлеңінен үзінді келтірсек:

Бірталайға санасаң келді жасың,  
Шөпке тұрған қырау ма баста шашың?!  
“Ұзын- деумен етегім!” - өтті өмірің,  
Ойда жоқта тіпті тұттай жалаңашың!

«Менікі!»-деп меңгеріп бұ жалғанды,  
Келтірем деп ыңғайға ойға алғанды,  
Көрінгеннен қызғанып алып қашып,  
Талай көрдің дәнене жоқ құр қалғанды!

Дүниеқордың болады екі бауыры,  
Саңырау, соқыр, жаңғырыққан күнде даулы.  
Күнде үрейі ұшады зәресі жоқ,  
Қызылбас пен қалмақтай боп өз ауылы.

Қаламның жарып ішін, ұшын кесіп,  
Кигізген қара сөзге киім пішіп.  
Заты -Арғын, нәсілі- қазақ, ұраны- алаш,  
Көпеев- фамилиясы, Мәшһүр -Жүсіп!

Қорыта келгенде, М.Ж. Көпейұлының терең мағынада жазылған өлең-шығармаларын талдай келе ақын өзінің саналы ғұмырын ағартушылыққа, қазақтың көзін ашуға, тура жолға беттеуге тырысқанын көреміз. Ресей патшалығының орыстандыру, қазақтың дінін ұмыттырып, тіпті ұлт ретінде жер бетінен жоюды көздеген сұрқия саясатына қарсы күресіп, Алаш зиялыларымен қан кешіп, талай қиыншылық көрген. Данагөй тұлғаның сөздері мен өлеңдері өз халқына қалдырған баға жетпес мұрасы деп айтсақ-та артық емес. Сол сыр сөздерінің кейбірі болжам ретінде де айтылған деседі. Осыдан біз қарапайым халықтың ақынды әулие деп атағанына да түсінік тапқандаймыз.

#### Әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Шағырбаев А. Қазақтың ұлағатты діни ойшылы. // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолы. – Алматы, 2013. - I-бөлім. - 9-22 б.
2. Дәуітұлы С. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан тегі.//Қазақстан-Заман газеті – 2003 ж. – 1 тамыз.
3. Жүсіпов. Н.Қ. Өмір жолы мен қалыптасуы. Сөз өнерінің зергері. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, (оқулық) 2008. - 308 б.
4. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, (Журнал) 1993. – 76 б.
5. Нұрмұратов С., Сатершинов Б., Шағырбаев А. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. (Оқулық)– Алматы, 2013. 177-181 б.
6. Қуандық Мәшһүр Жүсіп. Дін және Мәшһүр Жүсіп // <https://abai.kz/post/2855> (кіру режимі: 15.09.2021)
7. Қуандық Мәшһүр Жүсіп. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы туралы // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=24938> (Кіру режимі: 21.10.2021).
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кереметтері // <https://alashainasy.kz/gazhaip/mashhur-jusp-aulienn-keremetter-57361> (Кіру режимі: 17.11.2021)



9. Пазылов Ә. Мәшһүр Жүсіп және «Диуана» болмысы // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20826> (05.11.2018) (Кіру режимі: 26.11.2021).

### References

1. Shaғыrbaev A. Qazaқтың ulaғatty dını oıshyly. // Máshhúr Júsip Kópeulynyń ómir joly. – Almaty, 2013. - I-bólim. - 9-22 b.
2. Dáýituly S. Máshhúr Júsip Kópeevtiń ata tarapynan tegi.//Qazaqstan-Zaman gazetі – 2003 j. – 1 тамыз.
3. Júsipov. N.Q. Ómir joly men qalyptasýy. Sóz óneriniń zergeri. – Almaty: Ortalyq ғылымı kitaphana, (oqýlyq) 2008. - 308 b.
4. Kópeev M.J. Qazaq shejiresi. – Almaty: Jalyn, (Jýrnal) 1993. – 76 b.
5. Nurmuratov S., Satershinov B., Shaғыrbaev A. Máshhúr Júsip Kópeev. (Oqýlyq)– Almaty, 2013. 177-181 b.
6. Qýandyq Máshhúr Júsip. Din jáne Máshhúr Júsip // <https://abai.kz/post/2855> (kirý rejimi: 15.09.2021)
7. Qýandyq Máshhúr Júsip. Máshhúr-Júsip Kópeulynyń shyǵarmashylyǵy týraly // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=24938> (Kirý rejimi: 21.10.2021).
8. Máshhúr Júsip Kópeulynyń keremetteri // <https://alashainasy.kz/gazhaip/mashhur-jusp-aulienn-keremetter-57361> (Kirý rejimi: 17.11.2021)
9. Pazylov Á. Máshhúr Júsip jáne «Dıýana» bolmysy // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20826> (05.11.2018) (Kirý rejimi: 26.11.2021).

DOI 10.53364/24138614\_2022\_24\_1\_70

УДК 378.147:7.01(574)

МРНТИ 14.43

А.Н. Акбаева<sup>1</sup>, Л.Н. Акбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> к. филос. н., ассоц. профессор Академии гражданской авиации,  
г. Алматы, Казахстан,

<sup>2</sup> к. филос. н., асс. профессор Академии логистики и транспорта, г. Алматы, Казахстан,

<sup>1</sup>E-mail: [a.akbaeva@agakaz.kz](mailto:a.akbaeva@agakaz.kz)

<sup>2</sup>E-mail: [leila-akbayeva@mail.ru](mailto:leila-akbayeva@mail.ru)

## СИСТЕМА КАТЕГОРИЙ ЭТНОЭСТЕТИКИ

### ЭТНОЭСТЕТИКА КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

### THE SYSTEM OF CATEGORIES OF ETHNOESTHETICS

**Аннотация.** В статье раскрывается система этноэстетических категорий как основных понятий этноэстетики. В казахской эстетической науке категории эстетики рассматриваются на трёх уровнях: 1) философском, анализирующих эстетические категории в философско-эстетическом контексте; 2) искусствоведческом, рассматривающем музыкальные эстетические категории в казахской инструментальной музыке; 3) литературоведческом, представляющем эстетические категории в контексте казахской литературы.